

«Қазақстан және әлемдік тарих кеңістігі: жалпы мен ерекшенің «Мәңгілік Ел» ұлттық идея арқылы көрінісі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы, 2014. - 67-72 бб.

Оразгүл Хасенқызы Мұхатова –
тарих ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры

Ұлт зиялыларының тәуелсіздік идеясы және Қазақ Елі

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2014 жылдың 18 қаңтарындағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арналған кезекті Жолдауында Мәңгілік Ел ұлттық идеясын бастамасын көтеріп, оның «жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы» болып саналатындығын қадап айтты[1]. «Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді»[1]. Арғысын айтпағанның өзінде қазақтың ХХ ғасыр басындағы зиялылары тәуелсіз мемлекет құрып, халқын бір кездерде уысынан шығарып алған азаттыққа жеткізуді армандады, сол үшін аянбай күресті.

Тәуелсіздік идеясы қазақ халқының да ХУІІІ ғасырдан бастап көкейкесті мәселелерінің бірі болды. Ресей бодандығын қабылдауға мәжбүр болған халықтың тәуелсіздік уақыт өте келе қол жетпес арманына айналды. Сол үшін де халық талай ұлт-азаттық қозғалыстар мен көтерілістерге шығып, батырлары, ел қамын ойлаған азаматтары тәуелсіздік жолында өз өмірлерін құрбан етті. Ұлтжанды, елжанды жақсы мен жайсандары ат үстінен түспей күн кешіп, түн қатты.

Бодандық қамытын киген халықты озбыр отарлау саясатына қарсы топтастыруға Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жақып Ақпаев, Райымбек Мәрсекөв, Халел Досмұхамедов және тағы сол сияқты өз заманынан ілгері кеткен, еуропалық деңгейде білім алып, ойлай білетін, алдыңғы қатарлы зиялылар ұмтылды. Ұлт зиялыларының алдында тәуелсіз қазақ мемлекетін жаңғырту, мәдениетті көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіру, жер, әйел теңдігі, дін тәрізді мәселелерді шешумен қатар қоғамды өзгерту сияқты асқақ арман тұрды. Зиялылар санының аздығына қарамастан әлеуметтік, қоғамдық-саяси мәні зор сан қырлы, күрмеуі қиын істерді атқарып, ұлт мүддесінде еңбек етті. Осы мақсатта «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналын шығарып, өздері өмір сүрген уақыттың ең өзекті мәселелерін көтеріп, бұқара халыққа насихаттады. Бостандық пен тәуелсіздіктің мәнін ұлт зиялылары «Қазақ» газеті арқылы халық санасына сіңіріп, елдің назарын осы мәселеге аударуға тырысты.

Қазақ Елінің болашағы Алаш аяулысы Барлыбек Сыртанды ерекше толғандырды. Ол Жетісудың Қапалынан сонау Петербор қаласындағы Император университетіне оқуға түскен кезде шен, шекпен емес халқының тәуелсіздіг жолында көп ізденді. Өмірлік ұстанымы және халқының ұлттық идеясы ретінде Қазақ Елінің конституциясын жазуды мақсат етті. Ондағысы елі азаттыққа қол жеткізсе, оның жүретін жолы мен заңнамалық негіздері дайын болсын деген ниеті болатын. Ресей астанасының кітапханаларында сарыла отырып, көз майын тауысып, зерттеулерді ақтарып, оларды ой-зердесінен өткізіп жазған еңбектерінің бірі - “Қазақ елінің Уставы”(Жарғысы). Бұл шын мәнінде қазақ мемлекетінің Конституциясы еді. Еңбектің кіріспе бөлімінде тарихқа қатысты мынадай ойлар жазылған: “Қазақ елі көне ұлттардың бірі. Оның тарихының тамыры тереңге жайылған. Жеке ел болып өмір сүрді, елін, жерін қорғады. Ұрпақ жалғастырудан 7 миллионға жетті. Санымен Россияда үшінші орында...”[2]. Барлыбек егемен, тәуелсіз ел болу үшін жарғы қажет деп түсінді. Осы мақсатта конституция дайындады. “Қазақ елінің Уставы” төрт бөлімнен тұрды. Олар; “Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында”, “Адам баласының хұқы турасында”, “Қазақ жері турасында”, “Сот турасында”. “Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында” атты бөлімнің тарихи маңызы өте зор, өйткені онда айтылған ойлар қазіргі тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен толық орын алған. Өз кезегінде Барлыбек армандаған егемен республика жаһанға танылып, салтанат құрып келеді. Сол ұлт зиялысы тайға таңба басқадай жазып, өміршең болуын тілеген жарғының қазақтың жеке ел ретінде дамуы жөнінде айтылатын тұстарына назар аударайық. “...4. Қазақ елінде ең басшы орыны Ұлт мәжілісі. Оған дауыспен өткендер Қазақ елінің басшы Президенті төрт жылға сайлайды. 5. Бір Президенттің екі реттен асып ел билеуге хұқы жоқ. 6. Президент Қазақ елін министрлер арқылы басқарады. Министрлерді Президент өзі таңдайды, бірақ Ұлт мәжілісі дауыспен шешеді. 7. Министрлер өздері басқарған жұмыстарымен Президенттің һәм Ұлт мәжілісінің алдында есеп беріп тұрады. Қазақ елінде билік жүргізу закон шығаратын, орындайтын һәм сот болып тұрады. Үш билік бір - біріне бағынбайды, бассыздыққа жол бермеудің белгісі болып тұрады” [2.15 б], - деп жазылған жарғының тармақшалары Барлыбектің құқықтық мемлекеттің белгілерін нақты көрсетіп бергендігін дәйектейді. Қазіргі кезде тәуелсіз Қазақстанда Барлыбек көрсеткен құқықтық мемлекеттің белгілері орын алған. Саяси билік үш тармаққа бөлініп, атқарушы, заң шығарушы, сот билігі түрінде өзінің функцияларын іске асыруда. Барлыбектің Ұлт мәжілісінің орнына қос палаталы парламент келген, ол Сенат және Мәжіліс арқылы барша қазақстандықтарға танымал. Жарғының ерекше көңіл бөлер тұсы - оның жер туралы айтылатын бөлімі. Барлыбек: “...19. Қазақ елінің жері саудаға түспейді, құдай оны адам баласына пайдалану үшін жаратты. 20. Жердің кені, орман, су, көлі һәм таулары қазақ елінің иесінде. Мал жаю, егін өсіру, үй салу, жерді өңдеу һәм жерді пайдалы іс мақсатында қазынаға қайтару хұкмет рұқсатымен болады”, - [2.16 б] деп жазған.

Қазақ зиялылары үшін тәуелсіздік идеясы 1917 жылы аса өзекті болды. Ақпан төкерісін пайдаланып, зиялылар ұлттық мемлекеттікті жаңғырту, өз

алдына тәуелсіз ел болуды мақсат етіп қойды. Тәуелсіздікке қол жеткізудің маңызын зиялылар «Қайтсек жұрт боламыз» деген атаумен жарияланған мақалада: «Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз. Қайсысына түсетін болсақ та, ерік өзімізде. Бір жол құлдық – жолы... Екінші жол – жұрттық жолы. Осы бастан автономия алудың қамына кіріссек, милициямызды жасап алып, қарамызды көрсетсек, Алаш Орданы үкіметіміз деп тіресіп қорғасақ, бізді ешкім басынбайды. Үкіметі, әскері бар жұрт деп бізбен әркім есептеседі»[3. 341б.]. Көріп отырғанымыздай, тәуелсіз ел болу үшін оның атрибуттарының қажет екендігін де зиялылар ескеріп қойған. «... Автономия болғанда қазаққа қай түрлі автономия қолайлы. Әуелі, мемлекеттік автономия болуға ма яки уалаяттық автономия болғанда жерге қарай болу ма, елге қарай болу ма... Біздің қазақ автономия бола аламыз десе, осылардың бәрін қарап, аржақ – бержағын тесе қарап, тексеріп барып боламыз деу керек» – , деп тәуелсіздіктің тізгінін өзгелердің алып қоймау жағына терең мән берді[4. 396-397бб.]. Алаштың арыстары тәуелсіздікке ұлттық автономия ретінде қарады. Тәуелсіздікке жетудің тағы бір маңызды факторын зиялылар халықтың бірлігі деп санады. Сондықтан да үнемі өз шығармаларында оны насихаттап отырды.

«Бірлік қылсаң, алашым,
Ілгері қарай басасың.
Қол ұстасып ұмтылсаң,
Қатар жұрттан асасың» – деген өлең жолдары

айтқанымызды дәйектей түседі [5.430 б].

Ә.Бөкейхановтың XX ғасырдың басындағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының көсемі болуы оны теңдікке, ұлттық тәуелсіздікке жетудің басқа бейбіт, саяси жағын қарастыруға итермелеушіге, тұтас қазақ елінің мүддесін көздеушіге айналдырды. Теңдік пен ұлттық тәуелсіздіктің төте жолы деп Әлихан өркениетті елдердің мәдениетінен үлгі алу, сөйтіп халықтың ұлттық мәдениетін өркендету, өнер білімін көтеру, ұлттық сана-сезімін оятуды санаған[6]. Осы идеяны ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа стратегиялық бағыты етіп алған. Өзгелердің мәдениетін тану, ғылым - білімін үйреніп, өркениетке ұмтылу тәуелсіздікке бастайтын жол деп түсіндірді. Тәуелсіздіктің өзінен өзі келе қалатын құбылыс, табиғаттың сыйы еместігін, оған жетуде қажырлы қайрат, жігерлі әрекет керектігін бұқараға насихаттап отырды. Үгіт насихаттарын өлең, жыр түрінде жүргізді. Ұлттық тәуелсіздік идеясын ту етіп көтерген М.Дулатов оның табиғаттың сыйы емес, ол үшін күрес жүргізу керек екендігін былайша жырлады:

«Өз қамыңды ойлан өзің ел болсаң,
Ел боламын, тең боламын дер болсаң.
Көктен теңдік келмей өзің кем болсаң,

Мең-зең болмай, талпын, оян, алашым!»[4]. Көріп отырғанымыздай, ұлт зиялылары тәуелсіздік идеясын бұқара халықтың санасын оятумен, білім-ғылымға жетумен, мәдениетті ел болумен байланыстырды. Сонымен қатар тәуелсіздікті олар елдік, теңдік, басқа әлем мемлекеттерімен қатар үзеңгілес өмір сүру деп түсінді. Осы идея олардың шығармаларынан көрініс тапты. Мәселен, А.Байтұрсынов өзінің «Қазақ өкпесі» атты мақаласында тәуелсіздік

мәселелерінеге объективті, ғылыми тұрғыдан қарап, оның баға жетпес құндылық екендігіне назар аударды. Қазақ хандығы неліктен құлады, өз алдына дербес мемлекет болып тұра алмаудың, Ресейге қосылудың негізгі себептерін айқындауға талпынып, оларға жауап іздеді. «Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз бәрі надандық кесапаты», - дей келіп, патшалық империяға қосылудың өзі тәуелсіздіктен айырылу екендігін жасырмаған[7] Осы орайда М.Жұмабаев:

«Тіршіліктің көркі ерік,
Адамдыққа ол серік.
Бір түскен соң қақпанға,
Қалар бұрынғы еркелік.
Ойламай барып, ұрынып,
Өкінген аз ба ертелік», - деп жазған [8].

Ал Қошмұхамед Кеменгерұлы болса «Қазақ тарихынан» деген зерттеуінде «Қазақ елі құрымас үшін отырықшы болу керек» деушілер бар. Қағаз бетінде отырықшы болумен мәдениет көктен түспейді, жерден шықпайды. Отырықшылықтың көп шарттары бар... қазақ елінің жалпы оқуға ұмтылғандығы», - [9.756] деп, көшпелі немесе отырықшы кәсіппен айналыссын, бәрібір азат ел болуы тиіс, ол үшін оқу, білімнің қажеттілігін баса көрсеткен. Тәуелсіздікке қарулы көтеріліс арқылы емес, бейбіт жолмен қол жеткізуді мақсат етті. Қару кезенуді, қан төгісті жақтамаған ұлт зиялылары қарулы көтеріліске түбегейлі қарсы шықты. Сондықтан да 1916 жылғы көтерілісті қолдамады. Ондағы ойы халқын тәуелсіздікке қанды көтеріліс жолымен емес реформалар, ұлттың саяси белсенділігі арқылы жеткізгісі келді. Алаш арыстарының ұлттық автономияны құру туралы идеялары осының дәлелі. Тәуелсіз ел болудың өзін зиялылар ұлттық автономия жариялау деп білді. Сол себепті де Әлихан Бөкейханов бастаған топ әуелгіде өздеріне үлгі тұтқан кадеттер партиясынан қол үзіп, халықтық мүддедегі саяси ұстанымдарды басшылыққа алды. Оны Ә.Бөкейхановтың «... Кадет партиясы Ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиылып, Ұлт автономиясын тікпек болдық», - деген пікірінен анық көруге болады[6.1176].

Осылайша ұлт зиялылары қазақ халқының санасын оятып, оқу, білімді насихаттап, елдің тәуелсіздігі, азаттығы үшін күресті. Алаш тәуелсіз мемлекетін құрып, оны жариялау үшін барын салды. Алайда ұлт зиялыларының әрекетіне большевиктік билік кедергі болды. Дегенмен Алаш қозғалысы идеясы тәуелсіз даму жолына бағытталған баға жетпес құндылығымен тарихта қалды. Сол тарихтағы асқақ ұстанымға XXғасырдың соңында Қазақстан ешбір қан төгіссіз, қару кезенусіз қол жеткізді. Елбасының сөзімен айтсақ, «Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргетасын қаладық. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік тұғыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады»[1]. Алайда осының бәріне оңайлықпен қол жеткізілмегені ақиқат. Тіпті кейбіреулер 1997 жылғы 2030 стратегиялық бағдарламасын былай

қойғанда Қазақстанның «тәуелсіздікті ұстап тұра алатынына зор күмән келтірген-ді, өйткені тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын»[1] екендігі мәлім. «Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Тәуелсіздікті ұстап тұруды білу, оның құндылығын бағалай алуды ұлт зиялылары ХХ ғасырдың бас кезінде айтқан. «Бостаншылықтың пұлын білмей, орнына ұстай алмаған жұрт, ер жетіп, есі енбеген бала болып шықпақшы, «Жібекті ұстай алмаған жүн етеді» дегендей, ұстай білмесе жақсы нәрсе жаманға айналуы оп – оңай» – , деп жазулары осның дәлелі [2. -379б.]. Шындығында да тарихта «өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама» [1]. Қазақстан да солардың қатарында болудың аз-ақ алдында тұрды, өйткені ел терең экономикалық құлдырауға ұшырап, жаңа мемлекет құру, тың реформалар жүргізу қиын асулар мен өткелдерге тап келді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін республикалар арасында қалыптасқан байланыстар үзілді. Бірорталықтанған жоспарлау жүйесінен нарықтық қатынастарға өту оңай болмады. Кеңес Одағынан мұрағарлікке қалған тұралап, қайшылықтарға, дағдарысқа ұшыраған экономика одан әрі терең шыңырауға түсті. Қазақстан өнеркәсібінің 93 пайызы өзінің өндірген тауарларын Ресейден бастап, басқа ТМД елдерінің кәсіпорындарына жіберетін. Енді ол байланыс үзіліп, тұтынушылардың өнім алатын қаражаттары болмай, өнім талап етілмей қалды. Әрі барлық жерде ашық нарықтық қатынастарға көшуге байланысты әуел баста ол өнімдердің сапасы да базар талабына сай болмай шықты. Оған негізгі себептердің ең бастысы өнеркәсіп жабдықтары мен технологияның ескіруі еді. Ауыл шаруашылығы да құлдырады. Жекешелендіру деп аталған реформаның барысында біраз қателіктер мен кемшіліктерге жол берілді. Онсыз да мемлекеттің қаржысының көмегімен өмір сүрген ауылдар күйреді. 1929-1932 жылдардағы жаппай ұжымдастыру және отырықшылыққа көшіру кезіндегідей мал басы күрт азайып, ауылдағылардың күн көрісі нашарлады, жұмыссыздық пен қымбатшылық етек жайған шақта олар өмірден түңілді.

Қоғамда қылмыс, әсіресе ұйымдасқан қылмыстың түрлері, зорлық-зомбылық, ұрлық, заңсыздық, бей-берекеттік өрістеді. Дағдылы тіршілігінен айрылып қалған жұрт « қайда барып, қалай күнелтем, бала-шағамды қайтіп асыраймын» деп сары уайымға салынды. «Қарным аш, киімім жыртық болса, тәуелсіздіктен не қайыр» деушілер де көрінді. «Бүйтіп бүрсеңдеген егемендіктен, тәуелді жүріп-ақ тойынғандығым жақсы еді» деген пікірлер де белең берді. Қоғамда бұрын болмаған әлеуметтік дифференциация орын алды. Аз уақыттың ішінде қалталарын толтырып үлгерген байлар, ішсе тамаққа, кесе киімге жарымаған кедейлер пайда болды. Елбасының кемел саясаты мен берік ұстанымдарының арқасында мұның бәрі тарих еншісіне айналды. Тәуелсіздік тарихтың қатал сынына төтеп берді. Ел ең басты жетістік – тәуелсіздікті құрды әрі оны ұстап тұра алатындығына жаһанның көзін жеткізді. Жұмылып жұдырық бола білген «ел 20 жыл бойы егемендігіміз бен саяси салмағын нығайтуға жұмыс істеді. 20 жыл өткен соң бұл мақсатқа қол жетті. Қалыптасу кезеңі табысты аяқталды». Алғашқы шепті алу қымбатқа түскенімен оның салдары Қазақстанның ДЖО-нің

көлемі жағынан әлемнің 50 ірі экономикасының қатарына қосылу түрінде көрінді. «15 жыл ішінде қазақстандықтардың табысы 16 есе өсті. Табысы күн көріс деңгейінен төмен азаматтардың саны 7 есе азайды, жұмыссыздар саны екі есеге қысқарды». Осылайша Қазақстан «өзгенің қателігінен, өткеннің тағлымынан сабақ ала білді»[1]. Қазақстан «ортақ күш-жігер жұмсауымыздың арқасында ел танымастай өзгеріп, өзіндік бет-бейнесі бар, өзіндік ерекшеліктер мен өзіндік ұстанымдары бар табысты мемлекетке» айналды[10]. Монғолдардың тегеурінді тепкісіне, ойраттардың 370 жылға созылған ойранына, орыстардың үш ғасырдай отаршылдығына, қытайлықтардың жымысқы зымияндығына, Орталық Азиядағы феодалдық халықтардың сатқындық, қанішерлігіне төтеп беріп, ұлттық мемлекеттік дәстүрін қалтарыста қалдырмаған Қазақстан «XXI ғасырдың басында тәуелсіз әрі өзіне сенімді болып отыр» [10]. Ең бастысы тәуелсіз елді әлем мойындап, ол «кеңестен кейінгі кезеңдегі күллі кеңістікте ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен, осы Ұйымның саммитін өткізген және ғаламдық ауқымдағы іс-шара ЭКСПО – 2017-ні өзінде өткізетін бірінші ел». Қазақстан Еуразия аймағындағы ең тұрақты және қауіпсіз мемлекет ретінде өмір сүріп келеді.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде әлемге танылуда, дүниежүзілік қауымдастықтың алдында елеулі беделге ие болуда. 2012 жылда Қазақстанның Дүниежүзілік экономикалық форумының рейтингінде 51 орынды иеленді. Қазақстан «XXI ғасырдың басында тәуелсіз әрі өзіне сенімді болып отыр». Ең бастысы тәуелсіз елді әлем мойындап, ол «кеңестен кейінгі кезеңдегі күллі кеңістікте ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен, осы Ұйымның саммитін өткізген және ғаламдық ауқымдағы іс-шара ЭКСПО – 2017-ні өзінде өткізетін бірінші ел»[11] Болашақтағы жоспарымыз - әлемнің дамыған 30 елінің қатарына табан тіреу.

-
1. Н. Назарбаев. Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ// Егемен Қазақстан. 18 қаңтар 2014 жыл.
 2. Сыртанов Б. Қазақ елінің Уставы //Б.Сыртанов мұрағаты. 1-т. 7-34-35 бб.
 3. “Айқап”. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. -27 б.
 4. Әбдіманов Ө. Қазақ газеті. – Алматы, 1996. 395б.
 5. Дулатов М. Шығармалары. 1- т. - Алматы, 1996. -113б.
 6. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. - Алматы, 1995. 414б.
 7. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Астана, 2012.
 8. Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы, 1989. - 27б.
 9. Қамзабекұлы Д. Қошке Кемеңгерұлы. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-т. - Алматы: Алаш, 2005. -5-31 бб.
 10. Назарбаев Н.Ә. Елдіктің белгісі - Елорда. Астана қаласының 10 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзі. // Егемен Қазақстан. 14 шілде 2008 жыл.
 11. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы// Қазақ әдебиеті. 2012 жыл 28 желтоқсан.

